



Handwritten signature of S.K. Dauletova

Бекітемін: «Тамарис» жеке бөбекжайының
меңгерушісі С.К.Даулетова

2025-2025 оқу жылына арналған педагогикалық кеңес жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
I	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым қызметін сапалы ұйымдастырудың негізгі басымдықтары» 1. Меңгерушінің кіріспе сөзі. Жаңа оқу жылының негізгі міндеттері мен басым бағыттары. 2. Тамыз кеңесінің қорытындылары және 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік ұсынымдармен, «Адал азамат» бағдарламасының жаңартылған бағыттарымен таныстыру. 3. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың тиімділігіне талдау жасау. 4. Негізгі оқу-әдістемелік құжаттарды бекіту: • жылдық жоспар • оқу жұмыс жоспары • ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі • перспективалық жоспарлар • циклограмма және күн тәртібі. 5. Коучинг: «Бір мақсатқа бағытталған кәсіби ұжым». 6. Педагогтердің лауазымдық міндеттері мен топтардың құрамын бекіту.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер, медбике
II	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Отбасы мен	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер

	балабақша ынтымақтастығы арқылы баланың тілдік құзыреттілігін дамыту» 1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына мониторинг. 2. Баяндама: «Баланың сөздік қорын дамытудағы ұлттық және заманауи әдістер». 3. Шеберлік алаңы: ата-аналармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының үздік тәжірибелері.		
III	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Экологиялық мәдениет пен зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудағы заманауи тәсілдер» 1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Баяндама: «Балалардың экологиялық сауаттылығын қалыптастырудағы инновациялық технологиялар». 3. Іскерлік ойын: «Экоидеялар шеберханасы». 4. Педагогтердің кәсіби қызметіне сауалнама жүргізу.	Ақпан	Меңгеруші С.Қ.Даулетова Әдіскер Г.К.Тастемирова Тәрбиешілер Наурзбекова Г.С. Нугманова Д.
IV	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Баланың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытудағы мнемотехника мүмкіндіктері» 1. №3 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы. 2. Ашық көрсетілім: «Мнемокестелерді ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдану». 3. Әдістемелік диалог: «Мнемотехника – есте сақтау мен сөйлеуді дамытудың тиімді құралы». 4. Педагогикалық тәжірибе алмасу. 5. Тренинг: «Командалық өзара қолдау мәдениеті».	Наурыз	Меңгеруші С.Қ.Даулетова Әдіскер Г.К.Тастемирова Тәрбиешілер Кенжегалиева Н.С. Муратова Б.М Омарова А.Ә. Наурзбекова Г.С

V	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Педагогикалық қызметтің нәтижесі: тәжірибе, талдау және жаңа мүмкіндіктер» 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау. 2. Педагогтердің шығармашылық және кәсіби қызметінің жылдық қорытындысы. 3. Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелерін қарастыру. 4. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту. 5. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарын талқылау. 6. Тимбилдинг: «Табысты ұжым – сапалы нәтиже».	мамыр	Менгеруші С.Қ.Даулетова Әдіскер Г.К.Тастемирова Тәрбиеші Нугманова Д.
---	--	-------	--

«Томирис» жеке бөбекжайы
педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ №1

Тақырыбы: *«2025–2026 оқу жылында мектепке дейінгі ұйым қызметін сапалы ұйымдастырудың негізгі басымдықтары»*

Өткізілген күні: 02.09.2025 жыл

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібі

1. Тамыз кеңесінің қорытындылары және 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік ұсынымдармен, «Адал азамат» бағдарламасының жаңартылған бағыттарымен таныстыру.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың тиімділігіне талдау жасау.
3. Негізгі оқу-әдістемелік құжаттарды бекіту:
жылдық жоспар
оқу жұмыс жоспары
ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі
перспективалық жоспарлар
циклограмма және күн тәртібі.
4. Коучинг: «Бір мақсатқа бағытталған кәсіби ұжым».
5. Педагогтердің лауазымдық міндеттері мен топтардың құрамын бекіту.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші С.Қ. Даулетова педагогикалық кеңеске қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, алдағы оқу жылындағы негізгі мақсат-міндеттермен таныстырды. Өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға қысқаша талдау жасалып, қол жеткізілген нәтижелер мен анықталған мәселелерге тоқталды. Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, білім беру қызметінің сапасын арттыру, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне жүйелі енгізу және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру 2025–2026 оқу жылының негізгі басым бағыттары екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар педагогикалық әдепті сақтау, ата-аналармен тиімді серіктестік орнату, цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану және оқу процесінің сапасын тұрақты бақылауда ұстау міндеттері жүктелді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С. Жумашева Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік ұсынымдарына сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктерімен таныстырды. Тамыз педагогикалық кеңесінде қаралған негізгі мәселелер, нормативтік-құқықтық құжаттардағы өзгерістер, үлгілік оқу жоспары мен үлгілік оқу бағдарламасындағы жаңартулар түсіндірілді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі бағыттары кеңінен талқыланып, оның құндылықтарын ұйымдастырылған іс-әрекеттерге,

циклограммаға, перспективалық жоспарларға және күн тәртібіне кіріктіру жолдары көрсетілді. Педагогтерге ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тәрбиеленушілердің зерттеушілік қабілеттерін дамыту, экологиялық мәдениет қалыптастыру, қауіпсіздік мәдениетін нығайту және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жүйелі жүргізу жөнінде ұсыныстар берілді.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысына тоқталды.

Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған шынықтыру шаралары, спорттық ойындар, танымдық серуендер, ұлттық ойындар, шығармашылық іс-шаралар және зерттеу әрекеттері жоспарға сәйкес өткізілгені айтылды.

Топтарда қауіпсіздік талаптары сақталып, санитариялық-гигиеналық жұмыстар уақытылы жүргізілгені, ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылғаны атап өтілді.

Жүргізілген жұмыстардың тиімділігіне оң баға беріліп, жаңа оқу жылында жинақталған тәжірибені жалғастыру ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі оқу-әдістемелік құжаттарды қарастыруға ұсынды.

Педагогикалық кеңесте:

жылдық жұмыс жоспары

оқу жұмыс жоспары

ұйымдастырылған іс-әрекеттердің апталық кестесі

перспективалық жоспарлар

циклограмма

күн тәртібі

талқыланып, педагогтердің ұсыныстары ескерілді.

Құжаттардың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес әзірленгені айтылып, жаңа оқу жылында осы құжаттарды басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Д.Нугманованың ұйымдастыруымен «Бір мақсатқа бағытталған кәсіби ұжым» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучинг барысында педагогтердің командалық өзара әрекеті, кәсіби қарым-қатынасы, ұйымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру және ортақ мақсатқа жұмыла жұмыс істеу мәселелері қарастырылды.

Практикалық тапсырмалар орындалып, кері байланыс ұйымдастырылды. Педагогтер коучингтің мазмұны мен ұйымдастырылуына жоғары баға берді.

Алтыншы мәселе бойынша меңгеруші жаңа оқу жылына арналған топтардың құрамы мен педагогтердің функционалдық міндеттері туралы хабарлады.

Жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушілер топтарға бөлініп, әр топқа жауапты педагогтер бекітілді. Педагогтердің лауазымдық міндеттері қайта қаралып, қызметтік нұсқаулықтарға сәйкес нақты міндеттер жүктелді.

Сонымен қатар жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, тәлімгерлік жұмыстың жоспары жасақталатыны айтылды.

Педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

Қаулы:

- 1.2025–2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес ұйымдастырылсын.
- 2.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының бағыттары оқу-тәрбие процесіне жүйелі түрде енгізілсін.
- 3.Жазғы сауықтыру кезеңінде атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.
- 4.2025–2026 оқу жылына арналған нормативтік құжаттар бекітілсін.
- 5.Педагогтер оқу-тәрбие процесінде инновациялық педагогикалық технологияларды, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмыстарын және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі жүргізсін.
- 6.Осы қаулының орындалуын бақылау әдіскер Г.К.Тастемироваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.Қ.Даулетова

Г.К.Тастемирова

«Томирис» жеке бөбекжайы
педагогикалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ №2

Тақырыбы: *«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы арқылы баланың тілдік құзыреттілігін дамыту»*

Өткізілген күні: 28.11.2025 жыл

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: С.Қ. Даулетова

Хатшы: Г.К.Тастемирова

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына мониторинг жүргізу.
2. Баяндама: «Баланың сөздік қорын дамытудағы ұлттық және заманауи әдістер».
3. Шеберлік алаңы: «Ата-аналармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының үздік тәжірибелері».
4. Педагогикалық тренинг: «Тиімді қарым-қатынас – нәтижелі серіктестік».
5. Тәжірибе алмасу: «Отбасымен бірлескен тіл дамыту жұмыстарының тиімді үлгілері».

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Қ. Даулетова №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижелеріне тоқталды. Жылдық жоспарға сәйкес барлық педагогтердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда нормативтік құжаттарды басшылыққа алып жұмыс жүргізіп отырғанын атап өтті. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің перспективалық жоспарлары мен циклограммалары уақытылы әзірленіп, оқу процесіне енгізілгені айтылды. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары күнделікті тәрбиелеу жұмыстарына кіріктіріліп, топтардағы дамытушы орта жаңа оқу жылының талаптарына сәйкес толықтырылғаны баяндалды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.К.Тастемирова «Баланың сөздік қорын дамытудағы ұлттық және заманауи әдістер» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі және ұлттық ойындарды жүйелі пайдаланудың тиімділігі түсіндірілді. Сонымен қатар мнемокестелер, дидактикалық ойындар, сюжеттік-рөлдік ойындар, QR-код арқылы ұсынылатын тілдік тапсырмалар, интерактивті әдістер, цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект элементтерін қолданудың ерекшеліктері таныстырылды.

Әдіскер ата-анамен бірлескен жұмыстың тіл дамытудағы рөлін ерекше атап өтіп, үй жағдайында күнделікті жүргізілетін қысқа әңгімелер, бірлескен кітап оқу, көркем әдебиетпен жұмыс, сөздік ойындар ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар берді.

Педагогтер баяндаманы талқылап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер Д.Н. Нугманова, Н.С. Кенжеғалиева, Г.С. Наурзбекова «Ата-аналармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының үздік тәжірибелері» тақырыбында шеберлік алаңын өткізді.

Іс-шара барысында:

ата-аналармен өткізілетін тілдік ойындар
үй жағдайында қолданылатын дидактикалық тапсырмалар
отбасы мүшелерімен бірге кітап оқу мәдениетін қалыптастыру
«Отбасылық оқу сағаты», «Ертегі кеші», «Сұрақ-жауап алаңы» сияқты
тәжірибелер таныстырылды.

Педагогтер практикалық тапсырмалар орындап, әдіс-тәсілдердің тиімділігі талқыланды.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Г.К.Тастемирова «Тиімді қарым-қатынас – нәтижелі серіктестік» тақырыбында тренинг өткізді.

Тренинг барысында педагогтердің коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге, ата-анамен сенімді қарым-қатынас орнатуға бағытталған психологиялық жаттығулар ұйымдастырылды. Қатысушылар жағдаяттық тапсырмалар орындап, өзара пікір алмасты. Нәтижесінде ата-анамен ынтымақтастықты дамытудағы кәсіби қарым-қатынастың маңыздылығы айқындалды.

Бесінші мәселе бойынша тәжірибе алмасу ұйымдастырылды.

Педагогтер отбасымен бірлескен жобалар, шығармашылық тапсырмалар, тіл дамыту апталықтары, «Отбасылық кітапхана», «Бір күн – бір әңгіме», «Ойын арқылы сөйлейміз» жобалары бойынша тәжірибелерімен бөлісті.

Әдіскер ұсынылған жұмыстарға талдау жасап, тиімді тәжірибелерді барлық топтарда енгізуді ұсынды.

Педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

Қаулы:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балалардың тілдік құзыреттілігін дамытуда ұлттық және заманауи әдістерді ұйымдастырылған іс-әрекеттерге жүйелі түрде кіріктіру қамтамасыз етілсін.
3. Әр топта ата-аналармен бірлескен тіл дамыту жұмыстарының айлық жоспары әзірленіп, тұрақты жүзеге асырылсын.
4. Педагогтерге тиімді тәжірибелерді жинақтап, әдістемелік қорды толықтыру тапсырылсын.

5. Отбасымен ынтымақтастық аясында көркем әдебиетті насихаттау, бірлескен оқу, сөздік ойындар және сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылсын.
6. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында тіл дамыту технологиялары бойынша шеберлік сағаттары мен тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.
7. Осы шешімнің орындалуын бақылау әдіскер Г.К.Тастемироваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.К.Даулетова

Г.К.Тастемирова

«Томирис» жеке бөбекжайы

педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №3

Тақырыбы: «Экологиялық мәдениет пен зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудағы заманауи тәсілдер»

Өткізілген күні: 27.02.2026 жыл

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: С.Қ. Даулетова

Хатшы: Г.К. Тастемирова

Күн тәртібінде:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау.
2. Баяндама: «Балалардың экологиялық сауаттылығын қалыптастырудағы инновациялық технологиялар».
3. Іскерлік ойын: «Экоидеялар шеберханасы».
4. Педагогтердің кәсіби қызметіне сауалнама жүргізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша

Бөбекжай меңгерушісі С.Қ. Даулетова №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Балалардың тілдік құзыреттілігін дамыту бағытында жоспарланған жұмыстардың толық орындалғанын атап өтті. Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылып, ұлттық және заманауи әдістерді кіріктіру арқылы тәрбиеленушілердің сөздік қорының артуына оң нәтижелер байқалғанын айтты. Педагогтердің оқу-тәрбие процесінде инновациялық технологияларды қолдану белсенділігі артып келе жатқанын айтып, экологиялық тәрбиені барлық білім беру салаларымен кіріктіру қажеттігіне тоқталды.

Екінші мәселе бойынша

Әдіскер Г.К. Тастемирова «Балалардың экологиялық сауаттылығын қалыптастырудағы инновациялық технологиялар» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа жанашырлық көзқарасын қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылды. STEM элементтері, зерттеу жұмыстары, тәжірибе жасау, бақылау әдістері, экологиялық жобалар, табиғи материалдармен жұмыс, ойын технологиялары және цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері таныстырылды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру тек ұйымдастырылған іс-әрекетпен шектелмей, күнделікті өмірде, серуен кезінде, тәжірибе бұрыштарында және табиғатты бақылау жұмыстарында жүйелі жүргізілуі қажеттігі атап өтілді. Педагогтер өз топтарында жүзеге асырып жүрген «Жас зерттеуші», «Экоәлем», «Табиғат сақшылары» бағытындағы жұмыстарымен бөлісті.

Үшінші мәселе бойынша

«Томирис» жеке бөбекжайы

педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №4

Тақырыбы: *«Баланың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамытудағы мнемотехника мүмкіндіктері»*

Өткізілген күні: 20.03.2026 жыл

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: С.Қ. Даулетова

Хатшы: Г.К. Тастемирова

Күн тәртібінде:

1. №3 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы туралы есеп.
2. Ашық көрсетілім: «Мнемокестелерді ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдану».
3. Әдістемелік диалог: «Мнемотехника – есте сақтау мен сөйлеуді дамытудың тиімді құралы».
4. Педагогикалық тәжірибе алмасу.
5. Тренинг: «Командалық өзара қолдау мәдениеті».

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі С.Қ. Даулетова №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына тоқталды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында жоспарланған жұмыстардың уақытылы орындалғанын атап өтті. Топтарда табиғат бұрыштары толықтырылып, зерттеушілік әрекеттер ұйымдастырылғаны, ата-аналардың қатысуымен экологиялық акциялар өткізілгені айтылды. Педагогтердің тәжірибесінде зерттеу, бақылау, тәжірибе жасау жұмыстарының жүйелі жүргізілгені талданды. Қабылданған шешімдер толық көлемде орындалды деп бағаланды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.К.Тастемирова «Мнемокестелерді ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдану» тақырыбында ашық көрсетілім ұйымдастырды. Көрсетілім барысында мнемокестелердің балалардың сөздік қорын молайтуға, байланыстырып сөйлеуін дамытуға, есте сақтау қабілетін жетілдіруге және оқу материалын жеңіл қабылдауына ықпал ететіні тәжірибе жүзінде көрсетілді. Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекетте қолданылатын мнемосызбалар, мнеможолдар, тірек сызбалар арқылы ертегі мазмұнын әңгімелеу, такпақ жаттау, әңгіме құрастыру тәсілдерімен танысты. Көрсетілім соңында қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, тәжірибеде қолдануға ұсыныстар айтты.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер Г.К.Тастемирова «Мнемотехника – есте сақтау мен сөйлеуді дамытудың тиімді құралы» тақырыбында әдістемелік диалог өткізді. Диалог барысында мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық және коммуникативтік дағдыларын дамытудағы мнемотехниканың мүмкіндіктері талқыланды. Педагогтер мнемотехниканы бес білім беру саласына кіріктіру жолдары жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар әр жас тобының ерекшелігіне сәйкес мнемокестелерді құрастыру, оларды

ұйымдастырылған іс-әрекетте және күннің екінші жартысындағы жұмыстарда тиімді пайдалану жолдары ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиешілер Н.С.Кенжеғалиева, Б.М.Муратова, А.Ә.Омарова және Г.С.Наурзбекова өз тәжірибелерімен бөлісті. Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылып жүрген тиімді әдіс-тәсілдерді таныстырып, балалардың есте сақтау, ойлау, сөйлеу белсенділігінің артқанын нақты мысалдармен дәлелдеді. Әріптестер арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, авторлық дидактикалық материалдар мен мнемокестелердің үлгілері ұсынылды.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші Н.С.Кенжеғалиева педагогтермен «Командалық өзара қолдау мәдениеті» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында ұжымдағы тиімді қарым-қатынас, бірлескен әрекет, өзара сенім мен кәсіби қолдау мәселелері қарастырылды. Қатысушылар практикалық жаттығулар орындап, командалық жұмыстың тиімді тәсілдерін меңгерді. Тренинг педагогтердің кәсіби ынтымақтастығын нығайтып, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға ықпал етті.

Педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

Қаулы:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мнемотехниканы барлық жас топтарының ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде және күн тәртібінің түрлі кезеңдерінде жүйелі қолдану қамтамасыз етілсін.
3. Әр педагог балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мнемокестелер, тірек сызбалар және дидактикалық материалдар қорын толықтырсын.
4. Педагогтердің танымдық және коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесіне әдістемелік мониторинг жүргізілсін.
5. Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау мақсатында психологиялық тренингтер мен командалық жұмыстар жоспарға сәйкес жалғастырылсын.
6. Осы шешімнің орындалуын бақылау 2026 жылғы 20 наурыз – 20 сәуір аралығында әдіскер Г.К. Тастемироваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.К.Даулетова

Г.К.Тастемирова

«Томирис» жеке бөбекжайы

педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №5

Тақырыбы: *«Педагогикалық қызметтің нәтижесі: тәжірибе, талдау және жаңа мүмкіндіктер»*

Мақсаты: 2025–2026 оқу жылының қорытындысын шығару, педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін саралау, тәрбиеленушілердің даму мониторингін талдау, жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жұмыстарын бекіту және балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған қауіпсіздік шараларын күшейту.

Өткізілген күні: 29.05.2026 жыл

Қатысқан: 8 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: С.Қ. Даулетова

Хатшы: Г.К. Тастемирова

Күн тәртібі

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуына талдау.
2. Педагогтердің шығармашылық және кәсіби қызметінің жылдық қорытындысы.
3. Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелерін қарастыру.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту.
5. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарын талқылау.
6. Тимбилдинг: «Табысты ұжым – сапалы нәтиже».

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша

Бөбекжай меңгерушісі С.Қ. Даулетова №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы жөнінде есеп берді. Мнемотехника технологиясын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолдану бойынша педагогтердің жұмысына талдау жасалып, барлық топтарда мнемокестелер, тірек сызбалар және көрнекі материалдардың жүйелі пайдаланылып отырғаны айтылды. Балалардың байланыстырып сөйлеу, есте сақтау, ойлау және танымдық белсенділігінің артқаны мониторинг нәтижелері арқылы дәлелденді. Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің толық орындалғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша

Әдіскер Г.К.Тастемирова педагогтердің 2025–2026 оқу жылындағы кәсіби қызметіне қорытынды жасады.

Педагогтердің жыл бойы атқарған оқу-тәрбие жұмыстары, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттері, әдістемелік бірлестік жұмыстары, семинарлар, шеберлік сағаттары, байқаулар мен кәсіби жетістіктері сараланды. Сонымен қатар өздігінен білім жетілдіру жұмыстарының нәтижелері, инновациялық технологияларды пайдалану деңгейі және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар талданды.

Педагогтердің шығармашылық ізденістері, авторлық дидактикалық материалдары, цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдануы оң бағаланып, тәжірибелерін аудандық және облыстық деңгейде тарату ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша

Әдіскер Г.К.Тастемирова тәрбиеленушілердің даму мониторингінің қорытынды нәтижелерімен таныстырды.

Мониторинг нәтижесінде тәрбиеленушілердің физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық-зерттеушілік, әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары бойынша оң даму динамикасы байқалғаны айтылды. Жеке даму карталарына жүргізілген талдау нәтижесінде балалардың басым бөлігінің күтілетін нәтижелерді меңгергені анықталды.

Төртінші мәселе бойынша

Әдіскер Г.К.Тастемирова 2026 жылғы жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру іс-шаралары, ұлттық және қимылды ойындар, спорттық жарыстар, су және ауа процедуралары, танымдық серуендер, тәжірибелік-зерттеу жұмыстары, шығармашылық іс-шаралар және қауіпсіздік апталықтары қамтылғаны баяндалды. Педагогтер жазғы кезеңдегі жұмысты балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыру, дамытушы ортаны толықтыру және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу жөнінде ұсыныстар айтты.

Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бірауыздан бекітілді.

Бесінші мәселе бойынша

Бөбекжай меңгерушісі С.Қ. Даулетова балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарына тоқталды.

Педагогтерге жазғы кезеңде еңбек қауіпсіздігін сақтау, санитариялық-гигиеналық талаптарды орындау, балаларды күн сәулесінен қорғау, серуен мен экскурсия кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау, судағы қауіпсіздік, жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі және алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібі жөнінде нұсқаулықтар таныстырылды.

Барлық қызметкерлердің қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауы қажеттігі ескертілді.

Алтыншы мәселе бойынша

Тәрбиеші Д. Нугманова педагогтер арасында «Табысты ұжым – сапалы нәтиже» тақырыбында тимбилдинг өткізді. Іс-шара барысында ұжымдық қарым-қатынасты нығайтуға, өзара қолдау мәдениетін қалыптастыруға және кәсіби ынтымақтастықты дамытуға бағытталған ойындар мен практикалық тапсырмалар ұйымдастырылды.

Педагогтер белсенді қатысып, оқу жылының қорытындысын көтеріңкі көңіл күймен аяқтады. Тимбилдинг ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайтуға ықпал етті.

Педагогикалық кеңестің шешімі қабылданды.

Қаулы:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы **жақсы** деп бағалансын.
3. Педагогтердің шығармашылық және кәсіби қызметінің жылдық есептері мақұлданын.
4. Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің нәтижелері назарға алынып, жеке даму жұмыстарын келесі оқу жылында жалғастыру ұсынылсын.
5. 2026 жылғы жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары бекітілсін.
6. Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша қауіпсіздік талаптарының сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
7. 2026–2027 оқу жылына дайындық мақсатында топ бөлмелерін, ойын алаңдарын және дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жаңарту, оқу-әдістемелік қорды толықтыру жұмыстары уақытылы ұйымдастырылсын.
8. Педагогтердің озық тәжірибелері жинақталып, әдістемелік қорға енгізілсін және жаңа оқу жылында тәжірибе тарату жұмыстары жалғастырылсын.
9. Осы қаулының орындалуын бақылау 2026 жылғы 29 мамыр – 29 маусым аралығында әдіскер Г.К. Тастемироваға жүктелсін.

Төрайымы

Хатшы



С.К.Даулетова

Г.К.Тастемирова